

1 тақырып. Абайтану ілімінің қалыптасып, дамуы және қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері

Абай ақындығы туралы XIX ғасыр соңындағы, XX ғасыр басындағы тұжырымдар. Ә. Бөкейханов, М. Дулатов Абай туралы. А. Байтұрсыновтың “Қазақтың бас ақыны”(1913) мақаласы. “Абай” журналы. Жиырмамыншы жылдардағы Абай ақындығы төңірегіндегі айтыстар. Ғ. Тоғжанов, І. Қабылов, І.І. Жансүгіров, Ғ. Сағди, Е. Ысмайылов, С. Мұқанов, Ы. Мұстамбаев, Б. Кенжебаев, т. б. Абай туралы.

Қ.Жұбановтың отызыншы жылдары жазылған “Абай қазақ әдебиетінің классигі” мақаласының абайтанудағы орны. М.Әуезов және абайтану. С.Мұқановтың абайтанудағы зерттеулері. Қ.Жұмалиевтің Абай поэзиясының тілін, жаңа түрде зерттеуі. З.Ахметов – абайтанушы. М.Мырзахметов және абайтану проблемалары. Тілші ғалымдар Қ.Өмірәлиев пен Р.Сыздықованың Абайдың тіл кестесін зерттеуі. Абайтану бүгінде. Абайдың әдеби мұрасының сақталу, басылым жайы.

Абай өлеңдерін жинап бастыруға Әлихан Бөкейхановтың қатысы. Мүрсейіт молданың орны. Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлының ақын шығармаларын кітап етіп шығаруы. 1909 жылғы жинақтың құрылымы. Абай шығармаларының 1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдары. 1933, 1945, 1955 жылғы жинақтар. М. Әуезовтың Абай өлеңдерін жинауы, толықтыруы. Абай қарасөздерінің басылымы. Абайдың кейінгі басылымдары. Абайдан қалған әдеби мұраның жалпы көлемі. Абай шығармаларының текстологиясы. Абайдың 1916 жылғы “Абай термесі” басылымы туралы тың дерек

Абай ақындығының айналасы. Абайдың алдындағы қазақ поэзиясы. Ол үйренген ақындық мектеп. Дулат және Абай. Абай және Шығыс. Абайдың өлең құрылысына, ақындық әлеміне Шығыс әсері. Абайдың қазақ өлеңіне Европа үлгісін енгізуі. Абай және орыстың классикалық әдебиеті. Абайтанудағы Абай ақындығының айналасы, Абайдың ақындық мектебі, Абайдың ақындық дәстүрі ұғымдарын айқындай, ажырата түсу қажеттігі. Осы орайдағы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Мұқаметқанов, А.Нұрқатов, М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев, т.б. ғалымдардың пікір-түйіндеріне барлау.